

**«Гүлдер» балабақшасындағы Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

17.05.2024ж

Қатысты: балабақша директоры, балабақша әдіскері, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі

1. Қамқоршылық кеңесінің 2023–2024 оқу жылындағы жұмысына қорытынды жасау.
2. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық.
3. 2024–2025 оқу жылына ұсыныстар енгізу.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сейтахметов Амангелди сөз сөйлеп, 2023–2024 оқу жылында атқарылған жұмыстарға жан-жақты тоқталды. Кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес өткізілген отырыстар, балабақшадағы тамақтандыруды қоғамдық бақылау, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуына жүргізілген мониторинг, ата-аналармен бірлескен жұмыстар және балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсарту бағытында атқарылған іс-шаралар туралы баяндады.

Балабақша директоры Қамқоршылық кеңесі мүшелеріне оқу жылы бойы көрсеткен қолдаулары мен ынтымақтастықтары үшін алғыс білдіріп, кеңестің жұмысы балабақша қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге және ата-аналармен өзара сенімді нығайтуға оң ықпал еткенін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша директоры жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстары туралы ақпарат берді. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында қауіпсіздік шараларын күшейту, ойын алаңдарының жарамдылығын тексеру, көлеңкелік шатырлар мен ойын құралдарын жөндеу, аумақты көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүргізілгені айтылды.

Медицина қызметкері жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту мақсатында шынықтыру шараларын ұйымдастыру, ауызсу режимін сақтау, дәрумендерге бай тағамдарды ұсыну және санитарлық талаптарды қатаң сақтау жөнінде баяндады.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жоспарын қарап, ұсыныстарын білдірді.

Үшінші мәселе бойынша кеңес мүшелері 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыстарды жетілдіру бойынша өз ұсыныстарын ортаға салды. Атап айтқанда:

- ата-аналармен ынтымақтастықты одан әрі нығайту;
- балабақшаның материалдық-техникалық базасын кезең-кезеңімен толықтыру;

- Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе Қамқоршылық кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

2024–2025 оқу жылына ұсынылған ұсыныстар Қамқоршылық кеңесінің жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу барысында ескерілсін. Қамқоршылық кеңесі мен балабақша ұжымының өзара ынтымақтастығы алдағы оқу жылында да жалғасын тапсын



Хатшы Хайруллина Диана

Хайру